Ембі тынысы

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА 125 ЖЫЛ 1899 - 2024

№7 (124)
ШІЛДЕ
2024 жыл

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

Құрметті, көлік саласының қызметкерлері, ардагерлер! Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Көлік кешені отандық экономиканың басты, стратегиялық маңызды сегменттерінің бірі болып табылады, ол елдің өнеркәсіптік және технологиялық әлеуетін нығайтуда, өңіраралық және халықаралық байланыстарды дамытуда үлкен рөл атқарады. Көлік саласынсыз біздің жұмысымызды елестету мүмкін емес. Сондықтан, сала мамандарының еңбектерін бағалаймыз.

Сіздердің күнделікті адал еңбектеріңіздің, кәсібиліктеріңіздің және іске жауапкершілікпен қарауыңыздың арқасында саланы жаңғырту, мұнай-газ өндіру сапасын арттыру, жүктерді жеткізу, көлік инфрақұрылымын жетілдіру, инновациялық және ақпараттық технологияларды енгізу, кеңістіктік байланыстарды нығайту, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттер табысты шешілуде. Жаңа жобалар қолға алынып, табысты іске асырылып келеді.

Қазіргі уақытта компанияның арнайы техникасы мен көлік құралдарының шығындарының бөлек есебін жүргізу, сондай-ақ, маршруттау және технологиялық процестерді автоматтандыру сапасын арттыру арқылы көлік шығындарын азайту мақсатында барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде «Көлікті қолдауды есепке алу» ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.

Мұнай-газ саласын дамыту ісінде өзіндік үлес қосып отырған Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтай отырып, қызметтеріне табыс, жаңуяларына бақыт тілейміз!

Құрметті, құрылыс саласының қызметкерлері, ардагерлер! Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Құрылыс – бүгінгі таңда еліміз бойынша маңызды салалардың бірі.

Құрылысшылар еңбегі – бұл халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және елдің тұрақты дамуына бағытталған тынымсыз еңбек.

Бүгінде Сіздер ел экономикасының өсуі мен өңірдің құрылыс саласын одан әрі жаңғырту, инфрақұрылымдық жобаларды жасау, әлеуметтік нысандардың құрылысының жүргізу жөніндегі жаңа ауқымды міндеттерін іске асырып келесіздер.

«Ембімұнайгаз» АҚ-дағы кен алаңдарында жыл сайын құрылыс жұмыстарының көлемі артып келеді. Мұнай кен орындарын жабдықтау, мұнай құбырларын қайта жаңғырту, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды қайта жаңғырту мен күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізумен айналысатын сала мамандарының табысты еңбектері ерекше құрметке ие.

Ембілік құрылысшылар мен сала ардагерлерін төл мерекелерімен құттықтай келе, мықты денсаулық пен еңбектеріне толымды табыстар тілейміз!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

КЕЛЕШЕККЕ НЫҚ ҚАДАМ БАСҚАН БАСҚАРМА

→ 3

ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

→ 5

БАЛА ТӘРБИЕСІ-ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ НЕМЕСЕ БАЛА -АТА-АНАНЫҢ АЙНАСЫ ЕКЕНІН ҰМЫТПАҒАН ЖӨН

→ 6

ТАҒАЙЫНДАУ

МҰНАЙЛЫ ЕМБІДЕ – ЖАҢА БАСШЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның жаңа Бас директоры тағайындалды. Компанияның Директорлар кеңесінің 17-шілдедегі №24 шешімімен Компанияға басшылық жасап келген Сәбит Әбілдаұлы Арыновты басқа жұмысқа ауысуына байланысты мерзімінен бұрын қызметінен босату және Компанияның Бас директоры лауазымына Ринат Нұрғожаұлы Ізмұханбетті тағайындау туралы шешім қабылданды.

Кәсіпорын ұжымына жаңа басшыны «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев таныстырды.

Жиын барысында ҚМГ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қ.Есқазиев «Ембімұнайгаз» компаниясы үшін 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығы бірқатар өндірістік көрсеткіштер бойынша сәтті аяқталғанын, өндірістік жоспар артығымен орындалып, қосымша мұнай алуға, тапсыруға қол жеткізілгенін атап өтті.

Сондай-ақ, бір жыл жарым уақытқа жуық «Ембімұнайгазға» басшылық жасаған Сәбит Әбілдаұлына қызметі үшін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы басшылығы атынан алғысын білдіріп,Embінің тізгінін жаңадан қолға алып жатқан Ринат Нұрғожаұлынының алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппараты кеңсесінде 2024 жылдың маусым айындағы және I жартыжылдығы бойынша еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік комитетінің отырысы өтті. Жиынға Компания басшылығы мен қызметкерлері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелер басшылары мен мердігер мекемелер өкілдері қатысты.

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР

Компанияда еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша өндірістік құрылымдық бөлімшелердің 2024 жылдың маусым айындағы көрсеткіштері тыңдалып, түстен кейін аталған сала бойынша мердігер мекемелердің 2024 жылдың I жартыжылдық бойынша көрсеткіштері сараланды.

- 2024 жылы I жартыжылдықта мердігер мекемелер бойынша өндіріске байланысты жеңіл нәтижелі 1 жазатайым оқиға фактісі *(2023 жылғы есепті кезеңде – 1 оқиға), өрт жағдайын туындатқан оқиға орын алмады (2023 жылдың I жартыжылдығында – 1) және 2 жол-көлік оқиғасы тіркелді (өткен жылдың есепті кезеңінде бұл көрсеткіш 5 болды).*

Транспорттық құралдардың жылдамдық режимін бұзуына қатысты 326 оқиға орын алды (2023 ж. I жж. – 367). Міне осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жолға қою керек. Өндірістік қауіпті аймақта жұмыс жасағандықтан, өзінің және қасындағы жұмысшылардың қауіпсіздігіне аса жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Өндірістегі әрбір жұмысшы, ол компания қызметкері немесе мердігер мекеме жұмысшысы болсын Өмірлік Маңызды Ережелерді қатаң сақтауы қажет, - деп атап өтті **еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов.**

Атап айтсақ, компания бойынша барлығы 181 мердігер мекеме болса, оның ішінде, 58 мекемеге қатысты түрлі деңгейдегі құқық бұзушылыққа тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде 1866 құқық бұзушылық анықталып, 1325-і жойылды. Ал, әлі де шешімін таппаған жағдайлар бойынша тиісті мекемелер жауаптарын баяндады.

Сонымен қатар, «Семсер өрт сөндіруші», «Барыс Атырау секьюрити», «ДостықВест», «KazPetroTrans» мекемелері өкілдері де есептерін берді.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІС

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 17-шілдедегі №24 шешімімен **Ринат Нұрғожаұлы Ізмұханбет** Компанияның Бас директоры лауазымына тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 17-шілдедегі №25 шешімімен **Абат Амангелдіұлы Құтжанов** Компанияның Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 17-шілдедегі №26 шешімімен **Асқар Мұнара** Компанияның Бас директорының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес **Серік Амангелдіұлы Әбдиев** «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас технологы лауазымына тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес **Қуандық Мадениетұлы Калидуллин** «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры болып тағайындалды.

КЕЛЕШЕККЕ НЫҚ ҚАДАМ БАСҚАН БАСҚАРМА

«Қайнармұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасы - Қызылқоға ауданындағы іргелі ұжымның бірі. Қызылқоға ауданының экономикасына өзіндік үлесін қосып келе жатқан отандық кәсіпорын. Өзінің өндірістік қызметін Орысқазған кен орнынан бастау алатын басқармада кейін Солтүстік Қотыртас (1996), Шығыс Молдабек (1999) кен орындары ашылып, өндірістің тынысы кеңейеді. Солтүстік Қотыртас пен Шығыс Молдабек екеуінің бірігуінен Кенбай кен орны пайда болды. Басқарманың өндірістік жүрегі саналатын бұл кеніштің қатары 2007 жылы «Тайсойған» блогында жүргізілген барлау-бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде Уаз және Қондыбай» кен алаңдарының іске қосылуымен көбейді. Ал, 2017 жылы Шығыс Уаз кен алаңы ашылып, пайдалануға берілуі отандық мұнай өндіруші кәсіпорынның іргетасын бекіте түсті. Сөйтіп, алғашында бір ғана кен орнымен мұнай өндіру жұмыстарын бастаған басқармада қазіргі таңда алты кен орны игерілуде.

2019 жылдың қаңтар айында Солтүстік Уаз кен алаңы игеру бойынша іске қосылды. Осылайша, өзінің 28 жылдан астам тарихында «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы 11,7 млн тоннадан астам мұнай өндіріп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлесін қосып келеді.

НӘТИЖЕЛІ ЕҢБЕК

Өткен жылды басқарма ұжымы нәтижелі жұмыспен аяқтады.

«Қайнармұнайгаз» 2023 жылы мұнай өндіру мен тапсыру жоспарын 101%-ға орындады. Табысты жұмыс өндіріске жаңа технологияны енгізу барысында да байқалды. Бұл орайда, басқармада 2015 жылдан бастап ұңғыларды онлайн тәртіпте басқаруды жүзеге асыру үшін жасақталған «Уаз сандық интеллектуалды кен орны концепциясы» сынамалы жобасын енгізу шеңберінде Уаз кен алаңы бойыша 70 ұңғыға (Уаз - 45 ұңғы, Шығыс Уаз - 20 ұңғы, Солтүстік Уаз - 5 ұңғы) сандық интеллектуалды басқару стансалары енгізілді. Кен орны ұңғыларының жұмыстарын қадағалап, диагностика жасау үшін қондырылған бағдарлама қашықтықтан технологтар мен геологтар компьютерлерінің мониторларына ұңғылардың сораптарының жағдайы туралы және құбыр сырты, құбыр бойы қысымдары туралы тікелей онлайн түрде ақпарат беріп тұр. «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы геологиялық салада да көш бастауда.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-не қарасты өндірістік- құрылымдық бөлімшелер арасында ең алғашқы рет біздің басқармаға қарасты Шығыс Уаз кен алаңында №111 горизонталды ұңғымасы қазылды (2019). Бұл горизонталды ұңғыдан алынған өнім бастапқыда жоспарланған көрсеткіштен 3 (үш) есеге артық болды. Осы тәжірибені негізге ала отырып, ұңғыларды көлденең бұрғылау жұмыстары ары қарай жалғасын тауып, басқарманың басқа кен алаңдарынан да қазылды. Сөйтіп, соңғы 5 жылда көлденең қазылған ұңғылар саны 29–ға жетті. Бүгінгі күні барлық ұңғылардан режиміне сәйкес өнім алынуда. Бұл – тұтас ұжымның қол жеткізген үлкен табысы, - дейді **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Амангелді Сүлейменов.**

Горизонталды қазылған ұңғыманың тиімділігі мен айырмашылығы тік қазылған ұңғымамен салыстырғанда, өнімділігін арттыру, қабат қыртысындағы дренаж қабатын ұлғайту және су конусының пайда болмауы мақсатында қарастырылған.

«Ембімұнайгаз» АҚ ілеспе мұнай газын кәдеге жарату жолымен мұнай өндіру бойынша шектеулерді алып тастау жөніндегі жоба жоспарланған. Жобаны іске асыру мақсатында мұнай мен газдың перспективалық өнімін ескере отырып, Солтүстік Уаз кен орнының ілеспе мұнай газын жою мақсатында электр энергиясын өндіру процессингі жобасы жасақталды. ГПЭС (газ-поршенді электр стансасы) нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп, 2023 жылдың сәуір айынан бастап іске қосылды. ГПЭС кешені Уаз кен орны тобындағы Уаз, Шығыс Уаз, Солтүстік Уаз кен орындарын және Жамансор вахталық қалашығын электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында мұнай өндіру көрсеткіштері бекітілген жоспарды артығымен орындады. Биыл Шығыс Молдабек кен орнында мультифазалық сорап стансасын (МФНС) іске қосу жоспарлануда. Аталған қондырғының артықшылығы Шығыс Молдабек кен орнындағы ұңғымалардан шыққан барлық сұйықтықты бір жүйемен жүргізілуіне ықпал тигізіп, артық шығындардың азаюына әсер етеді деп отыр қайнарлық әріптестер.

Атыраулықтарды үлкен әбігерге салған су тасқынына қарсы жасақталған шараларға қайнарлықтар да білек сыбана кірісті.

Шығыс Уаз кен орнында табиғи апаттық су тасқынына қарсы ұңғымаларды қоршай топырақтан бөгеттер жасалып, Сағыз өзенінің тасқын суына шлюз қою жұмыстары қарқынды жүргізілді. Қызылқоға ауданы әкімдігінің сұранысына орай су тасқынына қарсы шараларға үлкен қолдау көрсетілді. Ауданға көмек жұмыстары негізінен транспорт бөлу бойынша нәтижесін тапты.

Басқарманың жалпы аумағы 758,6 гектар.
Игерудегі кен орындар саны – 7
Пайдалану қорындағы ұңғылар – 493
Әрекет ету қорындағы ұңғылар – 485
Су айдау қорындағы ұңғылар – 83



ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ДА БАСЫМДЫҚ

«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының әлеуметтік сала бойынша да ауқымды жаңалықтары бар. 12 жатақхана мен 5 асханада мұнайшылардың еңбектен соң тынығуына, ауқаттануына барлық жағдай жасалған. Бүгінде басты назарда тұрған өзекті мәселенің бірі – пайдалануға берілгендіктеріне біраз уақыт өткен, бүгінде жөндеуді қажет еткен әлеуметтік нысандарды кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өткізу. Бұл мәселені тиімді шешу басталып та кетті. Басқарма бойынша өндіріс жүрегі саналатын Кенбай кен алаңындағы №1 және №2, №3 жатақханалар күрделі жөндеуден өтті. Кеніштегі №4 жатақхана жөндеу кезегінде тұр.

Б.Жоламанов кенішіндегі 60 адамдық жатақхана 2004 жылы іске қосылған болса, 2022-2023 жылдары әлеуметтік нысанға күрделі жөндеу жүргізілген. НПС-гі №1 жатақхананың пайдалануға берілген кезеңі 2004 жылы болса, биыл нысан күрделі жаңартылуда.

Мұнайшылардың ауыр еңбектен кейін алаңсыз тынығып, салауатты өмір салтын ұстануларына да жіті назар аударылады. Барлық әлеуметтік нысандар- жатақханалар тренажер залдарымен жабдықталған.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ - МІНДЕТ

Экологияны сақтау, оның талаптарын орындау бойынша жақсы нәтижесін тапқан іс-шараның бірі – көгалдандыру шарасы. Бұл орайда, Кенбай кен алаңында 2021 жылы – 115, 2022 жылы – 375, 2023 жылы 383 түп ағаш егілсе, биыл тағы да 250 тал отырғызу жоспарланып отыр.

Ал, Б.Жоламанов кеніші бойынша да бұл жұмыс жақсы жолға қойылған. 2022 жылы – 70, 2023 жылы 67 түп ағаш отырғызылып, бүгінде күтімі жақсы. 2024 жылдың күзінде аталмыш кеніштің аумағы тағы да 25 талға көбеймекші. Нәтижесін көрсеткен шара Уаз кенішінде де жақсы жолға қойылған. Жоғарыда айтылған жылдармен есептесек, 2021 жылы - 31, 2022 жылы - 20, 2023 жылы 44 түп ағаш отырғызылса, биыл 20 ағашты отырғызамыз дейді қайнарлықтар.

ЖАС МАМАНДАР

ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ

«Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің ұйымдастыруымен Компанияның жас мамандары арасында осындай тақырыппен зияткерлік сайыс өтті.

Шараға Ембіге қарасты әр өндірістік-құрылымдық бөлімшеден 50 жас маман қатысты. Болашақ мұнайшылар топқа бөлініп, 4 команда арасында бақ сынасты. Атап айтсақ, «OzgEpic - Ozgeris», «Пионы-шпионы», «13 стульев», «Сұңқар» командалары өзара алдымен стратегия жасақтап, кейін 4 бекетте берілген тапсырмаларды орындады.

Бақыт Жұмақаева, Ерлан Мұстафин, Ольга Полищук, Ерік Шыныбеков тренерлердің жетекшілігімен ембілік жастар «Интеллект», «Финансист», «Адами ресурс», «Коммуникация» бекеттерінде қаржылық сауаттылық, Эйнштейннің жұмбақтарын шешу, қарымқатынас теоремасы, реакторды бомбадан залалсыздандыру тақырыптары бойынша біліктіліктерімен, ойларының ұшқырлығымен көзге түсті.

Шара соңында ЕМГ Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Серік Ақберген бұл зияткерлік сайыстың мақсаты жас мамандардың біліктілігі мен өз кәсібінің жан-белсенділігін ынталандыру, оны біріктіруге жәрдемдесу және білім мен тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған шарадан өте белсенді оралдық.

Аталмыш ақыл додасына бақ сынасуға келген жас мамандарды

жақты шебері екендігін көрсету арқылы, оларды іскерлікке, жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарауға баулу, тәжірбиелерімен бөлісу, еңбек қабілеттілігін жетілдіру екендігін баса айтып өтті.

Сондай-ақ, қатысушылар жеке ұпай жинап, сайыс соңында белсенділігімен ерекшеленген жас мамандар диплом, сыйлық, сертификат-тармен марапатталды.

Жалғас БЕРДЕНОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ С.Нұржанов кен орнының қабат қысымын сақтау операторы:

«Ембімұнайгаздың жастарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Даму белестері» зияткерлік сайысы өз дәрежесінде өтті. Жас мамандар арасында ақыл-ой көргенде, жеңісті қолдан бермеу керек екенін түсініп, барынша бақталасқа белсенділік таныттық. Бұл сайыс бойымыздағы білім мен біліктілік, тапқырлық пен шапшаңдық қабілеттерімізді шыңдауға көмектесті. Әр қатысушы озаттық танытып, ойынның қызықты да әділ өткенін көріп қуанып қайттық.

Білімнің толайым табысқа, биік белестерге жетелейтін күш екендігін дәлелдейтін мұндай додалар алдағы уақытта да көп ұйымдастырыла берсе екен деп тілеймін. Себебі, түрлі бағыт пен саланы қамтыған сан түрлі сауалдар біздерді, яғни, қатысушыларды жан-жақты шыңдап, алға қарай дамуға ынталандыра түсетіні сөзсіз».

Тоқтар НЫҒМЕТОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының операторы:

«Бізге өз ісінің мықты шеберлері келіп, бір күн бойына интеллектуалдық қабілетімізді дамытуға үлкен ұлес қосты. Компанияның 50 жас маманы бірігіп, белсене атсалыстық.

Барлық қатысушылар көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты деп ойлаймын. Себебі, біз күнделікті өмірге қажетті мағлұматтар алдық. Ақшаны қалай ұстау, қандай валютада, қандай депозитте сақтау керектігі жөнінде пайдалы кеңестер айтылды. Барша тренерлерге алғысымыз шексіз. Осындай жеке даму бағытындағы шаралар әлі де жалғасын тапса деген тілегіміз бар».

ТЕХНОЛОГИИ

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ НА СЛУЖБЕ У НЕФТЯНИКОВ

Несмотря на более чем 100-летний период присутствия на рынке, компания «Эмбамунайгаз» следует в ритме времени и внедряет в работу трендовые опции управления производством. Стратегическим целям компании служат, в частности, системы искусственного интеллекта, которые существенно облегчают труд, освобождают персонал от выполнения ряда шаблонных повторяемых функций и помогают контролировать выполнение работниками требований безопасности на производстве.

Одна из таких систем – модуль оцифровки актов подземного ремонта скважин, являющийся частью системы «Интеллектуальное месторождение». Система предназначена для мастеров бригад подземного ремонта скважин и представляет собой инновационное приложение на основе передовых технологий машинного обучения. Машинное обучение Machine Learning, или ML – это раздел искусственного интеллекта, который учит компьютерные системы распознавать шаблонные схемы в объемах данных и на их основе формировать информационные сводки.

Еще совсем недавно сведения по подземному ремонту собирались диспетчерами инженерно-технических служб НГДУ по телефону, после чего данные вручную заносились в форму Excel и направлялись по почте в центральный инженерно-технический отдел. Теперь анализ и обобщение производятся на основе данных аудиофонограмм мастеров по ремонту, которые они отправляют в рабочее время со своих мобильных устройств через специальное мобильное приложение на сервер компании. Там ИИ автоматически обрабатывает аудиофайлы и после распознавания речи преобразует их в текст.

В цифровом разрезе функция выглядит так: после того как мастера бригад подземного ремонта запишут аудиофонограммы о ходе ремонтных работ, мобильное приложение автоматически отсылает фонограммы на центральный сервер ЭМГ, расположенный в главном офисе, для дальнейшей обработки в автоматическом режиме. На основе полученных данных ИИ формирует ежедневные сводки, при этом обеспечивается полная автоматизация их заполнения, а рабочее время персонала перераспределяется в пользу операционных функций за счет сокращения административных.

Приложение использует передовую модель ML для распознавания речи на казахском и русском языках, обеспечивая точность и надежность расшифровки аудиофайлов. Система высвобождает ресурс работников для выполнения основных задач, экономит время, значительно сокращает влияние человеческого фактора и риск совершения ошибок при вводе данных вручную.

Билингвизм системы, которая одинаково свободно считывает аудио-фонограммы как на казахском, так и на русском языках, обеспечивает удобство и комфорт персонала, который сосредоточен на четком донесении информации вне зависимости от того, какой язык говорящему ближе.

Вторая система ИИ в АО «Эмбамунайгаз» – контроль за соблюдением правил техники безопасности и окружающей среды, также один из модулей системы «Интеллектуальное месторождение».

Система представляет собой интеллектуальное видеонаблюдение, установленное на спецтехнике службы подземного ремонта скважин, которое способно распознавать отсутствие средств индивидуальной защиты у работников. Система мгновенно идентифицирует и классифицирует видеопоток из камер, сортирует полученные изображения и определяет нарушения со стороны работников в части отсутствия СИЗ. Оперативное распознавание нарушений позволяет быстро реагировать и предотвращать потенциальные опасности.

– Это инновационное решение основано на передовых технологиях машинного обучения и дает нам ряд превосходных возможностей по улучшению условий труда и безопасности сотрудников, – говорит **директор департамента автоматизации производства и информационных технологий ЭМГ Болат Нсанбаев.** – Помимо выявления отсутствия СИЗ, систему можно обучить распознавать и другие события и определять новые виды потенциальных опасностей, что делает её идеальной для решения задач в динамичных и разнообразных условиях современного производства.

Наши специалисты работают над постоянным совершенствованием системы, мы стремимся расширить ее функциональность и придать ей дополнительные возможности по мониторингу и аналитике, чтобы и дальше наращивать безопасность и эффективность работы производственного персонала. Это интеллектуальное решение стало нашим надежным союзником в стремлении к безопасному и качественному выполнению задач.

Приведенные примеры иллюстрируют, как искусственный интеллект способен стать незаменимым помощником и неотъемлемой частью работы современной компании, оказывать значительное влияние на ее бизнес-процессы. Способность ИИ анализировать и интерпретировать обширные данные за считанные секунды, автономная аналитика и дистанционная диагностика проблем заметно повысили управляемость рисками, улучшили показатели эффективности и дополнительно обезопасили труд производственного персонала АО ЭМГ.

«Ембімұнайгаз» АҚ қазақ мұнайының 125 жылдығына орай бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арасында тұңғыш рет шығармашылық байқау ұйымдастырды.

5-шілде күні Компанияның бас кеңсесінде байқауға қатысқан журналистерді марапаттау шарасы өтті.

Байқаудың ерекшелігі – журналистер «Ембімұнайгаз» компаниясының өткені мен бүгінгісін бейнелейтін жазба материалдарын, фото, видеоматериалдарды ақпараттық сайттар мен әлеуметтік желі-мессенджерлерде (Facebook, Instagram, Telegram, Tik Tok) және You Tube видеохостингі арқылы ұсынды.

Конкурсқа жұмыстар 4 номинация бойынша қабылданды:
- Үздік креативті пост
- Үздік аналитикалық жарияланым
- Үздік фото
- Үздік бейнеролик (рилс)

Журналистер арасындағы байқау қорытындыланды

- Журналистер – қоғамдық пікірді туғызушы мамандық иелері. Біз тек өніріміздегі ғана емес, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынастамыз. Алғашқы байқауда сіздердің белсенділіктеріңізді ерекше атап өткім келеді. Мұнайшылардың еңбектерін насихаттап, ел экономикасының дамуына қосып жатқан үлестерін жұртшылыққа жеткізудегі қызметтерінізге алғысымызды білдіреміз, - деп атап өтті байқауды қорытындылау шарасында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.

Ұсынылған жұмыстарға қойылған басты талап – жарияланым/посттарда #ембімұнайгазбайқау, #эмбамунайгазконкурс, #Ембібейнесі, #ЛицаЭмбы, #Ембідамуы, #Эмбамунайгазсозидание хештегтерін көрсетіп, Ембінің әлеуметтік желілердегі парақшаларымен бөлісу болды. Сонымен қатар, жеңімпаздар тақырыптың ашылуы, байқау талабына сай келуі бойынша анықталды. Лайк саны, қаралым, бөлісу көрсеткіші ескерілді. Бұған қоса, байқау жарияланған мерзім аралығында жазылған, түсірілген авторлық жұмыстар ғана қабылданды.

Ай жарым уақытқа созылған алғашқы байқауға 27 журналист қатысып, 60 жұмысын ұсынды.

Қазылар алқасының құрамында Компанияның жауапты қызметкерлері және белгілі журналистер болды. Қазылар алқасының талқысынан кейін төмендегідей жүлдегерлер анықталды. «Үздік фото» номинациясы бойынша ұсынылған фотолардың ішінде тақырыпты ашу, фотоның тарихын түсіндіру жұмыстарының болмауына байланысты, бұл номинацияда жүлдегерлер таңдалмады.

«ҮЗДІК КРЕАТИВТІ ПОСТ» НОМИНАЦИЯСЫ:

I орын – Базаргүл Ізімова (**«Астана» телеканалы);**
II орын – Ляззат Салимова (**ATPpress.kz сайты);**
III орын – Светлана Новак (**«Прикаспийская коммуна» газеті);**
Ынталандыру - Амангелді Мутигуллин (**«Атырау өңірінің энергетигі» газеті),** Динара Қанбетова (**ATPpress.kz сайты);**

«ҮЗДІК АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМ» НОМИНАЦИЯСЫ:

I орын – Назарбек Қосшиев (**«Атырау» газеті);**
II орын – Жанар Әмірова (**Caspian news телеканалы);**
III орын – Амандық Сағынтайұлы (**ATPpress.kz сайты);**
Ынталандыру - Марина Қуанышева (**«Прикаспийская коммуна» газеті);**

«ҮЗДІК БЕЙНЕРОЛИК (РИЛС)» НОМИНАЦИЯСЫ:

I орын – Гүлзада Ниетқалиева (**«Сарайшық» газеті);**
II орын – Нұрбейбіт Нұғыманов (**«Ақ Жайық» газеті);**
III орын – Мөлдір Бақыт (**«Ұлысмедиа» сайты);**
Ынталандыру – Мөлдір Ғалым (**Caspian news телеканалы);**

Үздік жұмыстар авторларын марапаттау шарасы Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бас кеңседе ұйымдастырылды. Үздік авторларға ақшалай сыйақы және ынталандыру сыйақылары табысталды. Және барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

Қаршыға КӨШЕКОВ, қазылар алқасының мүшесі:

- Қазір халықтың басым бөлігі әлеуметтік желілерде отыратыны жасырын емес. Технология дамыған заманда байқау платформасын әлеуметтік желілер етіп таңдау – дұрыс шешім болды деп есептеймін. Өйткені, бұл формат креативті, жеделділікті талап етіп, ең бастысы, аудитория ауқымын кеңейтеді.

Арыстанбек КЕНЖЕ, қазылар алқасының мүшесі:

Ембімұнайгаздың қанатқақты байқауы болса да, нәтиже жоғары екендігін атап өту керек. 60 жұмыстың түсуінің өзі журналистердің аса белсенділігін байқатады.

Әрине, ғасырдан астам тарихы бар Ембі туралы ақпарат та жетерлік. Дегенмен, кейбір жұмыстардың ішінен өзім бұрын естіп-білмеген тың деректерді кездестірдім. Бұл журналистердің ізденістерін көрсетеді.

Алма ҚАЛУСАРИЕВА, Қазақстан Журналистер Одағы Атырау облыстық филиалының төрайымы, қазылар алқасының мүшесі:

- Қазақстан Журналистер Одағының атынан кәсіби мерекеміз қарсаңында шығармашылық байқау ұйымдастырған «Ембімұнайгаз» АҚ-на алғысымды білдіремін.

Мұндай байқаулар журналистердің кәсіби шеберліктерін шыңдауға, бір-бірінен үйренуге, мұнай-газ тақырыбын терең зерттеп, ізденуге мүмкіндік береді. Шынын айту керек, экономика тақырыбына кез келген журналист қалам тербемейді. Себебі, бұл саланың өз қиындығы бар және терминдерді сөйлету үлкен шеберлікті талап етеді. Міне, осы тұрғыда осындай байқаулардың журналистерге берері мол.

ТРЕНИНГ

БАЛА ТӘРБИЕСІ-ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ НЕМЕСЕ *бала*-АТА-АНАНЫҢ АЙНАСЫ ЕКЕНІН ҰМЫТПАҒАН ЖӨН

«Ембімұнайгаз» АҚ-ғы «Мұнайшы қыз» клубының ұстанған басым бағыттарының бірі- мұнайшылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік орнату. Олардың алаңсыз еңбек етулеріне қажетті жағдайды қалыптастыру. Ауысымдық әдіспен 14 күн бойы өндірісте болатын мұнайшылардың табысты еңбектерінің бір кепілі- жанұяларындағы тату-тәтті тіршілік екені даусыз. Осы мақсатты көздеген «Мұнайшы қыз» клубының бастамасымен қолға алынған «Саналы ата-ана» тренингінде отбасылық құндылықты, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты, ерлі-зайыптылардың татулығын дамыту мақсаты көзделді.

Ембі өндірісіндегі ірі кен алаңдарында өткен бес күндік шара Компанияға қарасты барлық басқарма ұжымдарында өтті. Тренингке қатысқан 500-ден астам мұнайшылар алдында психолог, тренер, осы салада 26 жылдан астам еңбек өтілі бар кәсіби маман Ерлан Мұстафин бүгінде қоғамды алаңдатқан өзекті мәселені жан-жақты талдап, тақырыпты әлемдік, қазақстандық зерттеу жұмыстарымен байланыстыра отырып сараптады. Ата-ана мен бала және ерлі-зайыптылардың арасындағы өзара жылы қатынасқа, отбасылық біріккен іс-әрекетке қол жеткізу жолдары талданды.

Бүгінгі қазақ қоғамының өзекті мәселесінің бірі- ажырасу көрсеткішінің өсіп бара жатқандығы. Әлемдік статистикаға жүгінсек, Қазақстан әлемде ажырасу деңгейінің өсуінен 2-орынды алып тұр. Зерттеу жұмысына 105 ел қатысқан. Солардың арасында Қазақстан Мальдив аралдарынан кейінгі орында топ бастап тұр. Бұл-бүгінгі қазақ қоғамының трагедиясы.

Тренингке қатысушылар отбасының ажырасу себептеріне де талдау жасады. Мұнайшылардың пікірінше жұртшылық арасына кең тарап бара жатырған ойынқұмарлық, маскүнемдік, нашақорлық, несиені жоспарсыз алу, жұмыссыздық т.б. келеңсіздіктерден шаңырақтың іргесі сөгілуде. Ерлі-зайыптылардың арасындағы жылылықтың да болмауы ажырасуға әкеліп соғуда дейді шараға қатысушылар.

Бес күндік тренингтің қорытындысында тренердің жасаған түйіні де көпті алаңдатқан мәселенің өзектілігін айқындай түсті.

«Ажырасқан, толық емес отбасыларда өскен баланың өзіне деген сенімділігі төмен болатынын, айналасына үнемі ренішті көзбен қарайтынын, алдағы уақытта кедергілерге жиі жолығатынан зерттеулердің қорытынысы дәлелдеп отыр. Ата-ананың бойындағы нашар қылықтар (жоғарыда аталған) тұқым қуалайтынын біріміз білсек, екіншіміз біле бермейміз. Білсек те тисті деңгейде мән бермейміз. Баламыз бақытты балалық шақпен өссін десек, ұрпағымыз саналы, талантты, қиындықтарға мойымай шыныгып ержетсін десек, ерлі-зайыптылар ең алдымен екеуаралық сыйлыстықта болуларына жете мән берулері керек. Балаларымыздың бойына жақсы қасиеттерді ерте кезден дарытқымыз келсе, отбасымызға тиісті деңгейде уақыт бөлуді, көбірек уақыт арнауды бүгіннен астап ойлануымыз керек, - деп түйіндеді сөзін Ерлан Мұстафин.

«Саналы ата-ана» тренингіне қатысқан ембілік мұнайшылар да өз кезектерінде мұндай шаралардың қажеттілігін жоғары бағалап, «Мұнайшы қыз» клубының отбасылық құндылық, адамның жан-жақты дамуына мүмкіндік орнату бағытындағы жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Тренинг соңында шараға белсенділікпен қатысқан мұнайшыларға тренердің сыйлықтары табысталды.

ТҮЙІН. Бүгінде қиын балалар көбейіп барады деп дабыл қағуда психологтар. Қиын бала жоқ, қиын ата-ана бар. Себебі, бала-отбасының айнасы. Ол отбасынан алған тәрбиеден тыс кете алмайды. Ерлі-зайыптылардың арасындағы түйткілдердің, өзара қарым-қатынастарының шиеленісуінің соңы баланың тәрбиесіне салқындығын тигізуде. Ерлі-зайыптылар ең алдымен осыны ойлау керек. Отбасындағы қиындықтарға себеп – ерлі-зайыптылардың арасында сыйластықтың, жылулықтың болмауы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЕМБІМҰНАЙГАЗ – ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ІРІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ КОМПАНИЯЛАР ҚАТАРЫНДА

Еліміздегі ең ірі салық төлеуші компаниялар анықталды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынған мәліметке сәйкес, ағымдағы жылдың алғашқы 5 айының қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ үздік ондық қатарына еніп отыр.

1. «Теңізшевройл» ЖШС - 1 533 602 208 теңге
2. «Карашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» - 537 456 597 теңге
3. «Манғыстаумұнайгаз» АҚ - 108 122 156 теңге
4. «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы - 98 539 823 теңге
5. «Азия газ құбыры» ЖШС - 84 581 781 теңге
6. «Өзенмұнайгаз» АҚ - 81 903 511 теңге
7. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС - 77 601 320 теңге
8. «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Ақтоғай) ЖШС - 73 034 951 теңге
9. «Қаражанбасмұнай» АҚ - 65 924 964 теңге
10. «Ембімұнайгаз» АҚ - 64 769 411 теңге

Айта кетейік, акционерлік қоғам болып құрылған 2012 жылдан бастап 2023 жыл аралығында аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ Ұлтық қор, республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн 608 млрд. теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға – 6 млрд 437 млн теңге қаражат аударды.

ҚАУІПСІЗДІК

ЖОЛДАҒЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Көліктер, мейлі ол жеке немесе қоғамдық болсын, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Күн санап көлікке отырушылар қатарына көбейіп келеді.

Ғаламторды ашып қалсақ, көлік жүргізушілердің қатысымен болып жатқан жол-көлік оқиғаларынан ауыр картиналарды жиі кездестіреміз. Қолда бар деректерге сүйенсек, тек биылғы жартыжылдықтың өзінде Атырау облысы бойынша 341 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Өткен жылғы есепті кезеңмен салыстырғанда 120%-ға өскен (2023 ж. I жартыжылдығында – 155). Зардап шеккендер саны – 488 (2023 ж. I жж. – 256, +90,63 %). Түрлі жарақат алғандар 425 (2023 ж. I жж. –202, +110,40 %). Соңы қайғылы жағдай – өлімге әкелген көрсеткіш те адам түршігерлік – 2024 жылдың I жж. 63 адам көз жұмған (2023 ж. I жж. – 54 адам қайтыс болған, +16,67%).

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне арналған «Өмірлік Маңызды Қағидалардың» 3-тарауы – көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу екендігі анық көрсетілген.

Осыған орай, Көлік жүргізушілер күні қарсаңында жол қозғалысының маңызды ережелеріне тағы бір мәрте тоқталуды жөн санадық.

БОЛАШАҚ

СТУДЕНТТЕР ЕМБІДЕ БОЛДЫ

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің Summer Industrial School бағдарламасына қатысушы студенттер «Ембімұнайгаз» АҚ қызметімен танысты.

- 2015-2023 жылдар аралығында Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің 156 студенті Ембі өндірісінде Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша тәжірибеден өтіп, жоғары балл жинаған 52 студент Компанияға жұмысқа орналасты. Биылғы оқу жылында университеттің 28 студенті аталған жүйе бойынша тәжірибеден өтуде.

Бүгінгі турда сіздер отандық компанияның тарихымен, қызметімен, жүзеге асып жатқан инновациялық жобаларымен танысасыздар. Бұл сапар сіздер үшін аса қызықты, қажетті ақпараттар алуға үлкен септігін тигізеді деген сенімдеміз!, - деді ЕМГ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат ӘБЕНОВ.

Сапар барысында студенттерге мұнай және газ өндіру жөніндегі жетекші инженер Еркін Сүлейменов, жетекші инженер-технолог Аманжол Бектасов Ембіде жүзеге асырылып жатқан Цифрлық кен алаңы, полимерлі суландыру және басқа да пилотты жобаларды таныстырды. Сонымен қатар, аға геолог Ерлан Бекенов өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен орындарын пайдалану тақырыбында презентациясын ұсынды.

Жастар өндірісті жедел басқару орталығының жұмысымен де танысты. Өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаментінің аға инженері Ержан Тлегенов пен Өндірісті жедел басқару департаментінің инженер-технологы Артур Дингалиев өндірістік процестерді орталықтан басқару үдерісі туралы айтып түсіндірсе, көлік жөніндегі инженер Батиха Джантокова «Сапарларды басқару» жобасының тиімділігі туралы айтты.

Студенттердің Ембіге сапары интерактивті мұражайды тамашалаумен жалғасын тапты.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қанағат қарын тойғызар...

Кейде барға шүкіршілік етпейтін, денінің саулығына, қолда барына қанағат етпейтін жандарды да кездестіріп жатамыз. Тіпті, «бүгінгі қоғамда қанағатсыздардың қатары көбейіп кеткен бе?» деген ойда қаласың.

Қанағатшылдық дүниемен өлшенбейді. Тұрмысы нашар кедей кісіні қанағатшыл деп, ал, бай ауқатты адамды қанағатсыз деп ойлау дұрыс болмайды. Қанша әлеуметтік жағдайы жақсы болса да, қанағатшыл жандар көп. Мұндай адамдар қолда барына қанағат етіп, ысырапшылыққа бой алдырмайды. Сондай-ақ, кедейлікпен өмір сүріп жатса да, өз өмірлеріне разылық танытып, қанағат тұтып жүрген жандар да жоқ емес. Қанағат ету мал-дүниенің ісі емес, ол – жүректің ісі. Аллаға шынайы сенген пенделердің ісі.

Дана халқымыз «Дүние деген – сордың суы, іше берсең кептіре береді» дейді. Олай болса, қанағаты жоқтар қайдан пайда болады?

Уақыт алға жылжып, заман ағымына қарай адамзат баласының пейілі де ой-арманы да өзгеруде. Дүниеге келген әрбір пенде бақытты болуға талпынады. Ал, бақыттың ауылын дүние-мүлікпен байланыстырып жатады, тапқанның үстіне таба беру керек деп ойлайды.

Дініміз мұсылман адамның бойында табылуы тиіс рухани қасиеттерге шақырады. Осы рухани қасиеттердің бірі – қанағат. «Қанағат» сөзі араб тілінен енген сөз. «Барына разы болу» деген мағынаны білдіреді. Алланың бергеніне риза болу арқылы ешкімге қол жаймай, адал еңбек етіп, тапқан табысының көзін тауып, игілігіне жұмсау арқылы жайлылықта өмір сүрудің маңызы зор деп білеміз.

Бір данышпан кісі қанағат жайында «Біз төрт нәрсені төрт нәрседен іздеп едік, алайда қателескен екенбіз. Іздегенімізді басқа төрт нәрседен таптық. Мал-дүниені байлықтан іздеп едік, бірақ оны қанағаттан таптық. Рақат өмірді молшылықтан іздеп едік, бірақ оны дүниенің аздығынан таптық. Ләззат ғұмырды нығметтен іздеген едік, бірақ оны денсаулықтан таптық. Ризық-несібені жерден іздеген едік, бірақ оны көктен таптық», – деген екен.

Сондай-ақ, қазіргі қоғамда қанағат әдептіліктің басты белгісі саналады. Ол – адам баласының сана-сезімі мен іс-қимылындағы көркем әдет. Қанағатты әдетке айналдырған адам өмір-бақи оның игілігін көреді. Өйткені, ол адамшылық жолдан тайдырмайды, аздың өзіне қанағат еттіреді. Сондықтан, қанағатшыл адам ешкімнің ала жібін аттамайды, жұмсақ, кішіпейіл және қарапайым болып, көптің құрметіне ие болады.

«Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар». Иә, мағынасы тым тереңде жатқан өсиетті сөз. Адам баласы жоққа сабыр, қолда барға қанағат еткенге не жетсін!

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Телеграм - «Ембімұнайгаз» АҚ

Facebook - Ембілік Мұнайшы

Instagram - @embamunaigas.kz

You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ

«Ембі тынысы» газетін осы **QR код** арқылы да оқи аласыздар.

ЭКОЛОГИЯ

«Таза Қазақстан» республикалық эко-акция-сыаясында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері жұмыла сенбілікке шықты. Компанияның Орталық басқару аппаратының 40-қа жуық қызметкері қаптармен және қолғаптармен «қаруланып», Атырау қаласындағы балалар ауруханасының жанындағы аумақты және Жайық өзені жағалауын қоқыстан тазартты. Қызметкерлер тазарту жүргізген аумақтың ауданы жарты гектардан асады.

Ембіліктер республикалық акцияға қатысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жұртшылықтың назарын экологиялық проблемаларға және табиғатымыздың тазалығын сақтаудың маңыздылығына аударуға арналғандығы мәлім.

Жалпы тазалық акциясының мақсаты – өзендер мен су айдындарының жағалауларын қоқыстардан тазартуды көздейді. Бұл бастама су ресурстарының экожүйелерін қалпына келтіруге және су объектілерінің тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен ластануын болдырмауға бағытталған.

Жалпы облыс орталығындағы тазалық шарасына қатысушылар Авангард шағынауданындағы облыстық балалар ауруханасы тұсынан бастап Жайық өзенінің жағалауын қоқыстардан, үйілген қапшықтар мен жағадағы ағаш және артық шөптерден тазартты. Жалпы, акцияға 1600-дей адам қатысы, 10 тоннадан астам қоқыс жиналды.

Жиналған барлық қоқыстар «Арнайыавтобаза» ЖШС-нің қоқыс полигонына жіберілді.

Бұл іс-шаралар өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға және тұрғындар арасында экологиялық мәдениет деңгейін арттыруға ықпал етпек.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а;

Қ.Тулеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.